

**Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақының ставкалары туралы" 2008 жылғы 26 ақпандағы N 6-9 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 16 мамырдағы N 7-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 20 мамырда N 3007 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 11 ақпандағы N 11-14 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихаттың 2009.02.11 N 11-14 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақының ставкалары туралы" 2008 жылғы 26 ақпандағы N 6-9 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылы 3 наурызда N 3001 тіркелген, "Приуралье" газетінде 2008 жылғы 8 наурыздағы N 29-30 және "Орал өңірі" газетінде 2008 жылғы 13 наурыздағы N 31 жарияланған) төмендегі өзгерістер енгізілсін:

3 тармақ "мемлекеттік тіркеуден кейінгі" деген сөздер "алғашқы ресми жарияланған күннен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*С е с с и я                    т ө р а ғ а с ы*

*Облыстық мәслихат хатшысы*